

A. Ж. ҚОБЛАНОВА

ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ САБАҚТАСТЫҒЫ

Білім беру саласында казактың қайраткер қыздарының саны айтарлықтай көп емес, саусақпен санарлық қана. Солардың бірі – белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Фаузия Шамсиқызы Оразбаева десек артық айтқандық емес. Олай дейтініміз, ғалым ұзын саны үш жүзден астам ғылыми зерттеудердің авторы, Ш. Уәлиханов атындағы республикалық сыйлықтың, «Ерен енбегі үшін» медалінің иегері, отыздан астам ғылым кандидаты мен докторын даярлаған қадірменді ұстаз. Еліміздегі ең үлкен байры ЖОО-ның Абай атындағы ҚазҰПУ-да проректор (1991–1993) болды, «Қазіргі казақ тілі теориясы мен әдістемесі» кафедрасының менгерушісі қызметін 1996 жылдан қазірге дейін абыраймен атқарып келеді. Атақ-дәреже, абырай, езінен-өзі келмейді. Мұның бәрі ғалым педагогтің ғылым-білім саласындағы ауқымы кен, теориялық ізденістерінің, мазмұны терен зерттеу еңбектерінің нәтижесі.

Үнемі ізденіс үстіндегі теориялық зерттеудің барысында Фаузия Оразбаева қазақ тілі пөні бойынша бірталай әдістемелік құралдар мен жаңа денгейдегі бағдарламалар өзірледі, окулықтар мен оқу құралдар жазды. Бұл ретте ғалымның Қазақстан Республикасының тілдік білімді бағалаудың халықаралық стандарт денгейіндегі тұнғыш кешенді жобасын жасағаны, қазақ тілін өзге мәдениет өкілдеріне көп денгейлеп оқыту идеясын алғаш көтеріп, жүзеге асыруды қолға алғаны да жүртшылықтың есінде. Бұл жерде мен ғалымның 35 жылдан астам уақытта жазған-сызғандарын, іске асырған нәтижелі еңбектерінің баршасын тізбелеп отырған жоқпын. Ондай міндетті мойныма ала алмас та едім. Менікі, тек өзім түйген, бірер ойдан пікір сабактасам деген максат қой. Ғалымның, біздің байқауымызша, қазақ тіл білімінің семасиологиялық лексикасы, коммуникативтік грамматикасын оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесі тәрізді сала-салалары, түптеп келгенде, үлкен бір арнаға сайды. Ол – тілдік қатынас теориясы мен практикасы.

Тілдік қатынастың теориясы мен практикасын зерделеуді қазақ тіл білімінде алғаш рет қолға алған ғалым тілдік қатынасты «таза лингвистикалық» аяда саралаған жоқ. Бұлай дейтініміз, үйреншікті дәстүрден ауытқи отырып, зерттеуші, ең алдымен, «тілдік қатынасты» құрылымдауда

(структурение) тілдік емес құрылымдарға ерекше көңіл боледі, тілдік құрылымдарды тілдік карым-қатынастың құрамында қарады. Трансмисор (сөйлеуші) + мәтін + реципиент (қабылдаушы) үштігін ойлау – пайымдау – сөйлеу – тындау – тұсіну (интерпретациялау) тәрізді ішкі психологиялық өрі тілдік әрекеттермен үштастыра қарастырады.

Ойлау – пайымдау – тұсіну әрекеттерінің трансмисор (баяндаушы) мен реципиентке (қабылдаушыға) ортақ сипатын ашып көрсетті. Шынында, мұндай лингвопсихологиялық әрекеттер екі жаққа яғни сөйлеуші мен тындаушыға қатысты болмай, бір ғана баяндаушының позициясы түрғысынан шешілсе, онда тілдік коммуникация толық болмай, біржакты ғана сипат алар еді.

Тілдік құрылымдарға дыбыс (фонема), просодика (дыбыстын жоғары бірліктер), морфема, сөз тіркесі, сөйлем, фразалықты тұстасып тәрізді иерархиялық бірліктерді ала отырып, тілдік қатынастың негізі ақпаратта жататынын көрсетеді және оларға қатысты талаптарды айқындағы отырып, зерттеуші карым-қатынасты жүзеге асырушы трансмисор мен реципиенттің қызметіне ерекше тоқталады. Сөйтіп зерттеуші тілдік қатынастың тіл және сөз, айтылым – тындалым – жазылым – оқылым – тілдесім тәрізді әрекеттерін жүйелеп, олардың әрқайсынын ерекшеліктерін, негізгі принциптерін, өзара байланысын ашып көрсетеді. Осылайша тілдік қатынастың құрылымын тек тілдік бірліктер мен мәтін түзілім арқылы ғана ашпай, трансмисор мен реципиентті қатыстыра отырып зерделейді. Бұдан ғалымның антропоцентристік бағытты ұстанғанын байқаймыз.

Ғалым тілдік қатынастың адамның ойлау қабілетін, тұсінік пен пайымдауға, ұғымдар жүйесі мен санаға, мазмұн мен мағынаға тәуелді күрделі құбылыс деп таниды. Сондай-ақ зерттеуші тілдік қатынастың динамикалық сипатын ойлаумен байланыстырады және динамизм осы аталған психикалық әрекетпен ғана шектелмейді, ой мен сезімді жарыққа шығарудың құралы болып табылатын тілді де қамтиды. Басқаша айтқанда, тілдегі бірліктер сөз әрекетінде абстракті – инвариант түрінде болмай, әртүрлі мағыналық ренктерге ие болады да, айтылым, тындалымда, жазылым, оқылымда нақтылана түседі.

Зерттеуші тілдік қатынастың әлеуметтік сипатына да ерекше көніл бөледі. Қоғамдық қатынас, негізінен тілдік құралдар арқылы жүзеге асады, тіл – адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасының басты алғышарты болып табылады, сондыктан адам бір жағынан тілге, екінші жағынан қоғамға тәуелді субъект ретінде бағаланады.

Біз осы кезге дейін тілді қоғамды, оның мүшелерінің ой-санасын дамытушы фактор деп түсіндік. Шынында, солай. Бірақ зерттеушінің пайымдауынша, тіл өзінен-өзі қоғамды, оның субъектілерін дамытпайды. Қоғамды да, оның мүшелерін де дамытатын – **тілдік қарым-қатынас**. Тілдік қарым-қатынас қоғамның барлық салаларын камтығанда ғана қоғамда «өсу», «өрлеу», «даму» болмак.

Қазірге дейін біз тілдік коммуникацияны сөйлеу арқылы ұғынысу, түсінісу, жәй ғана қарым-қатынас деп тар шенберде түсініп келдік. Ал ғалым бұл мәселені терендете пайымдап: «тілдік қатынас – тамыры теренге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алысусы, адамдық қатынастың түпқазығы болып табылады» деп пікір түйеді.

Профессор Ф. Оразбаева «Тілдік қатынас; теориясы мен әдістемесі» (Алматы, 2000); «Тілдік қатынас» (Алматы, 2005) атты монографияларында тілдік коммуникацияның теориялық, практикалық, әдістемелік жақтарын зерделей отырып, осы саланың терминологиясын қалыптастырып,

жүйелеуді де мақсат етеді. Осының нәтижесінде автор **окылым**, **айтылым**, **тыңдалым**, **жазылым**, **тілдесім** тәрізді іргелі ұғымдарды беретін атауларды ұсынып, бұларға терминологиялық мазмұн ұстейді. Осы аталған енбектерінде ғалым әдістеме – методика, әдіс – метод, әдістаным – методология, әдіскер – методист, бағдар – ориентир, әрекет – деятельность, бәтуа – консенсус, бекітпе – скрепление, белгітүр – фенотип, дамытпалы әдіс – развивающий метод, даратүр – индивидуум, қекейкөз – интуиция, зейін – разум, жиынтық әдіс – комплексный метод, ұрдіс – процесс, тілдесім – общение, сез қозғау – завести речь т.б. бірталай атауларды терминологиялық мазмұнда қолдануды ұсынады.

Фаузия Шамсиқызының қындығы да, қызығы да мол ғылыми өмірге араласа бастағанына отыз бес жыл болыпты. Аз уақыт емес. Ғалымның қаламынан жүздеген ғылыми-әдістемелік мақала, оннан аса монография, окулық, оку-әдістемелік құралдар жарық көрген екен. Алайда, бұл жөнінде тізбелеп айту шарт емес. Әрдайым үлгі тұтар, кадірменді ғалымның ауқымды да, мазмұнды енбектерінің ішінде өз басым құнделікті сабак беру барысында басшылыққа алып жүрген теориялық ұстанымдары мен тұжырымдары жөнінде қысқаша ой түюді мақсат еттім және де осы орайда із өкшесін басып келе жатқан әріптесі ретінде Фаузия Шамсиқызына бақытты ғұмыр кешіп, зерделі зерттеулерді жазуына тілекtestігімді білдіруді жөн көрдім.